

Орындаған: Айтнияз Венера
Группа: ЖМ 033-2к
Тексерген: Амантаева Жамиля

П.А.СОРОКИННИҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТЕНДІК МӘСЕЛЕСІ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА ТАП.

ЖОСПАР:

- Әлеуметтік стратификация
- П.А.Сорокиннің теориясы
- Әлеуметтік мобилизация


СТРАТИФИКАЦИЯ ТҮСІНІГІ

- Әлеуметтік стратификация - қоғамның түрліше әлеуметтік топтарға, қауымдастықтарға тағы басқа жіктелуі.

Біз қоғамының әлеуметтік құрылымын сөз еткенде қоғам өзінің құрылымы жағынан бірдей емес екендігін айтып еткен едік. Қоғам адамдарының арасында теңсіздік бар. Соған байланысты олардың әлеуметтік жүйедегі алатын орындары да бірдей емес. Жекелеген индивидтер мен адам топтарының арасында әлеуметтік жіктелу бар. Оларды жіктегенде бірқатар өлшемдер басшылыққа алынады, мәселен, табыстарының көлемі, білімдерінің деңгейі, мамандықтағы мәртебесі, билікке қатынастары. Қоғам мүшелерінің арасында әлеуметтік теңсіздіктің табиғатын, себептерін, оның заңды құбылыс ретіндегі мәнін түсінуде әлеуметтік стратификация теориясының маңызы зор.

П.А.СОРОКИННИҢ ТЕОРИЯСЫ

- П.Сорокин қоғамда стратификацияның үш түрі бар екендігін баяндайды. Олар: экономикалық, саяси, кәсіби стратификациялар.



- Экономикалық стратификацияны негізі материалдық байлық, не кедейшілік.
- Саяси стратификацияның негізі билік, басқарушылық, не болмаса олардың жоқтығы.
- Кәсіби стратификацияның негізгі мәртебелі / лауазымды / не мәртебесіз / лауазымсыз/ еңбек, мәртелі, /лауазымды/ болашағы бар, не болмаса болашағы аз, не болмаса жоқ мамандықтар.

Жалпы П.Сорокиннің көзқарасы бойынша қоғамдағы өте қатал әлеуметтік стратификация түбінде жақсылыққа әкелмейді, төменгі топтардың арасында наразылықты күшейте түседі. Төменгі страталардың жоғарыға қарай көтерілуіне жол ашылуы қажет. Ал жоғары страталарда беделін түсірген адамдардың, топтардың төмен құлай түсуін әбден қажетті деп түсіну қажет.

ӘЛЕУМЕТТІК МОБИЛЬДІЛІК


- «Әлеуметтік мобильділік» теориясының авторы П. Сорокин болып табылады. «Әлеуметтік мобильділік» деп, қоғамдағы жекелеген индивидтер мен адамдар тобының бір әлеуметтік жағдайдан екінші бір әлеуметтік жағдайға орын ауыстыруын айтамыз.



- Әлеуметтік мобильділіктің екі типі бар, олар: вертикалды, яғни тік сызықтың бойымен болатын және горизонталды, немесе көлденең сызық бойындағы мобильділік.
- Вертикальды мобильділік – индивидтің бір стратадан екінші бір стратаға ауысуының нәтижесінде оның әлеуметтік жағдайының өзгеруі. Вертикалды мобильділік жоғары өрлеу және төмен құлдырау, яғни кері кеу бағытында болады.
- Жоғары өрлеу бағытындағы мобильділікке адамның қызметінің жоғарлауы (кәсіби вертикалдық мобильділік), әл-ауқатының, тұрмыс-жағдайының жақсаруы (экономикалық вертикалды мобильділік) жатады. Адамның вертикальды төмен бағыттағы құлдырауы да өмірде жиі кездесетін мобильділіктің түрі. Әсіресе, қазіргі біздің елдің жағдайында мобильдіктің бұл түрі қоғамда жиі орын алып отырған құбылыс.

Каналы вертикальной социальной мобильности

Социальные институты и организации, посредством которых человек изменяет свое положение в общественной иерархии



Сорокин Питирим (1889-1968).

Русско-американский социолог и культуролог.

Один из основоположников теорий социальной стратификации и социальной мобильности.

-
- Горизантальды мобильділікте – индивид бір әлеуметтік позициядан екіншісіне ауысады. Бұл ауысу тек көлденең сызық бойында болады да оның әлеуметтік жағдайына ешбір өзгеріс әкелмейді. Мысалы, кәсіпорындағы жоспарлау бөлімінің экономисі бухгалтерлік есеп бөліміне экономистік қызметке тағайындалса, онда оның статусында айтарлықтай өзгеріс болмайды.

Э. Гидденс мобильділіктің бұл типіне жан-жақты талдау жасаған. Британ қоғамындағы төмен құлдырау мобильділігінің себептерін адамның психологиялық күйзеліске ұшырауынан (мысалы, жақын адамынан айырылу, сәтсіздіктерге ұшырау, т.б.) және соған байланысты индивидтің өзінің бұрыңғы статустық дәрежесінен айырылуынан деп түсіндіреді.

Мобильділіктің бұл түріне индивидтің жұмысынан айырылуы да жатады.

Жоғары бағытта өрлеу мен төмен түсудің арасында белгілі бір ассиметрикалық (яғни, бөліктердің бір-біріне сай келмеуі) байланыстар болады: әрбір адам қызметте (лауазымда) көтеріліп, жоғарылауға тырысады, керісінше ешқандай адм қызметінің төмендеуін қаламайды. Басқаша айтқанда, жоғарлау – ерікті құбылыс, ал, төмен түсу – еріксіз құбылыс болып саналады.

***НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!***

